

"Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 22 сәуірдегі № 61 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 147-НҚ бұйрығымен бекітілген жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережесін басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес аудан әкімдігінің кейбір қаулыларына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

3. "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

- осы қаулыны ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

- осы қаулыны Шыңғырлау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

- осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А. Бисембаевке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Өмірәлиев

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің

2026 жылғы "22" сәуірдегі

№ 61 қаулысына 1-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже (бұдан әрі – ереже) Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6-бабының 13-2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 115) тармақшасына сәйкес әзірленді және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) Жастар ресурстық орталықтарының (бұдан әрі-Ресурстық орталықтар) мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайды.

2. Жастар ресурстық орталығы жастар мен жастар ұйымдарын қолдау және дамыту үшін қызмет көрсету мақсатында құрылады.

3. Жастар ресурстық орталығы жастардың қажеттіліктері мен мүдделері негізінде жастарға әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

4. Ресурстық орталықты құру, олардың қызметін қамтамасыз ету және үйлестіру аудандардың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне жатады.

5. Ресурстық орталықтардың өз мөртаңбалары, мөрлері, қазақ тілінде және орыс тілінде өз атауы бар фирмалық бланкілері, қазынашылық органдарында және банкте есеп айырысу шоттары болады.

6. Ресурстық орталықтардың басшылары функционалдық міндеттерін айқындайды және ресурстық орталықтар қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді.

7. Ресурстық орталықтар өз Конституцияның, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметтің қаулылары, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Үлгілік ережені және олардың негізінде әзірленген жарғыларды басшылыққа алады.

8. Ресурстық орталықтар өз қызметін қызметі Ресурстық орталықтардың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге ықпал ететін мүдделі мемлекеттік органдармен және коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

9. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілде толық атауы – "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік мекеменің ресми тілде толық атауы – коммунальное государственного учреждение "Молодежный ресурсный центр" отдела внутренней политики района Шыңғырлау Западно-Казахстанской области". Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілде атауын латин графикасында "Batys Qazaqstan

oblysy Şyñğyrlau audanynyñ işki saiasat böliminiñ "Jastar resurstyq ortalıǵy" komunaldyq memlekettik mekemesi жазуларымен қолдануға болады және ол мемлекеттік тілдегі атауымен барабар.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 091200, Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л. Клышев көшесі, 112/е үй.

2-тарау. Ресурстық орталықтардың міндеттері мен функциялары

11. Ресурстық орталық жастар жобалары мен бағдарламаларын іске асыру, бейресми білім беру, бастамаларды қолдау және жастарға консультациялық қолдау көрсету және жастардың өзін-өзі дамуы үшін жағдай жасау арқылы жастармен жұмыс жүргізеді.

12. Ресурстық орталықтың қызметін жоспарлау және жүзеге асыру жастар мен жастар ұйымдарының қажеттіліктері мен мүдделеріне негізделеді.

13. Ресурстық орталықтың қызметі Ресурстық орталықтың ғимаратында және жастар көп жиналатын жерлерде жүзеге асырылады.

14. Ресурстық орталықтардың негізгі міндеттері:

- 1) ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- 2) жастардың бастамаларын консультациялық сүйемелдеу және қолдау;
- 3) жастар ортасындағы жағдайға талдау және мониторинг жүргізу.

15. Ресурстық орталықтар қызметінің бағыттары бойынша мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіптік бағдар беруге дайындауға жәрдемдесу:

жастарға жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы және мамандық таңдау мәселелері бойынша кеңес беру және ақпараттандыру; soft-skills дамыту бойынша курстар өткізу-түйіндемені сауатты құрастыру, коммуникативтік дағдылар, әңгімелесуден тиімді өту әдістері;

жастар үшін бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру және өткізу, кәсіптік бағдар беру, жұмысқа орналастыру және лайықты еңбек мәселелері бойынша жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

2) бейресми білім беру арқылы жастардың өмірлік маңызды дағдыларын, құзыретін және дербестігін дамыту:

өмірлік маңызды дағдыларды дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру және өткізу (азаматтық белсенділік, командада жұмыс істеу, сыни ойлау, креативтілік, ынтымақтастық, жауапкершілік, эмоцияларды басқару), жастардың құзыреті мен дербестігі;

өмірлік маңызды дағдылар мен бейресми білімді дамытуға бағытталған жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу.

3) жастар арасында сандық сауаттылықты арттыруға және жаңа технологияларды дамытуға жәрдемдесу:

цифрлық және медиа сауаттылық мәселелері бойынша жастарға кеңес беру;

жастарға арналған цифрлық және медиа сауаттылық бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру;

робототехника, бағдарламалау және ақпараттық технологиялар бойынша үйірмелер мен клубтардың қызметін ұйымдастыру.

4) жастарға психологиялық көмек көрсету;

психологпен жеке және эмоциялық мәселелер бойынша кеңес беру;

жастармен психологиялық тренингтер мен сабақтарды ұйымдастыру және өткізу;

жастардың психикалық денсаулығы бойынша жастар жобаларын әзірлеу және іске асыру.

5) жастарға өтеусіз негізде консультациялық және заң көмегін көрсету:

жастар мен жастар ұйымдары үшін заң кеңестерін көрсету;

жастар арасында құқықтық сауаттылық бойынша курстар ұйымдастыру және өткізу

;

жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу;

жастар ұйымдары үшін заң көмегін көрсету.

6) жастардың инновациялық және кәсіпкерлік қызметін жандандыруға жәрдемдесу:

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мәселелері және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары бойынша жастарға кеңес беру және ақпараттандыру;

кәсіпкерлік құзыреттер бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру және өткізу;

жастар арасында әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау;

жастар арасында кәсіпкерлік қызметті жандандыру бойынша жобаларды әзірлеу.

7) жастар ортасында Волонтерлік қызметті қолдау және дамыту:

волонтерлік қызмет және жас еріктілерді қолдау мүмкіндіктері туралы жастарға кеңес беру және ақпараттандыру;

жастар арасында волонтерлік қызметті қолдау және дамыту бойынша оқыту курстарын, мектептерді, лагерьлерді, семинарлар мен тренингтерді ұйымдастыру;

жастардың волонтерлік қызметін ұйымдастыру үшін волонтерлік ұйымдармен, білім беру, мәдениет және әлеуметтік сала ұйымдарымен ынтымақтастық;

волонтерлік бастамаларды қолдау және волонтерлік ұйымдармен және жастардың бастамашыл топтарымен бірлескен іс-шараларды іске асыру;

жастар ортасында Волонтерлік қызметті жандандыру бойынша жобаларды әзірлеу.

8) жас отбасылармен жұмысты қамтамасыз ету және жастарға отбасы өміріне дайындалуға жәрдемдесу:

отбасы-неке мәселелері бойынша жас отбасыларға кеңес беру;

некені тіркеуге өтініш берген жас адамдармен жұмыс;

қоғамда отбасылық құндылықтарды нығайту бойынша жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу.

9) жастар ұйымдарын, қозғалыстарын және жастардың өзін-өзі басқару органдарын дамытуға қолдау көрсету және жәрдемдесу:

жастар ұйымдарына, жастардың өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік қолдау және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық шаралары туралы кеңес беру және ақпараттандыру;

іс-шаралар өткізу үшін жастар ұйымдарын, қозғалыстарды және жастардың өзін-өзі басқару органдарын залдар мен үй-жайларды ұсыну;

жастар ұйымдарының, қозғалыстардың және жастардың өзін-өзі басқару органдарының қызметін ақпараттық сүйемелдеу;

жастар ұйымдары мен жастардың өзін-өзі басқару органдарының бастамаларын қолдау;

жастар ұйымдарымен, қозғалыстармен және жастардың өзін-өзі басқару органдарымен бірлескен жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу.

10) жастардың мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және бағалау:

жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және бағалау мәселелері бойынша жастарға және жастар ұйымдарына кеңес беру және ақпараттандыру;

жобаларды басқару мәселелері бойынша жастар ұйымдары, қозғалыстар, жастардың өзін-өзі басқару органдары, жастардың бастамашыл топтары үшін курстар, мектептер, лагерьлер, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру және өткізу;

жастар жобалары мен бағдарламалары туралы мәліметтер базасын ұйымдастыру және жүргізу;

жастардың мүдделері мен қажеттіліктері негізінде тұрақты жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу және бағалау.

11) ақпараттық кеңістікті кеңейту;

12) үздік тәжірибелер каталогын құру;

13) ресурстық орталықтардың қызметін жарықтандыру;

Жоғарыда көрсетілген функциялар, олардың әрқайсысының шеңберінде мақсатты топтың қажеттілігін бағалау, жастарды жоспарлау мен бағалауға тарту, консультациялық сүйемелдеу, тренингтер өткізу, жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру, жастардың бастамаларын қолдау арқылы жүзеге асырылады.

3-тарау. Ресурстық орталықтардың қызметін ұйымдастыру

16. Ресурстық орталықтың басшысы Ресурстық орталықтың қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, Шыңғырлау ауданы әкімдігінің құрылымына

кіретін Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімі басшысының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Ресурстық орталықтың басшысы жергілікті атқарушы органның құрылымына кіретін атқарушы органның басшысына тікелей бағынады және оларға жүктелген функциялардың орындалуына дербес жауапты болады.

18. Ресурстық орталықтың басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және ресурстық орталықтар қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Үлгілік ережеде айқындалатын өздерінің құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

19. Ресурстық орталықтың қызметін жүзеге асыру кезінде Ресурстық орталықтың басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Ресурстық орталықтың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) барлық ұйымдарда Ресурстық орталықтың мүдделерін білдіреді;
- 3) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;
- 4) шарттар жасайды;

5) іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша ресурстық орталықтың тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) Ресурстық орталықтың қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

7) Ресурстық орталық қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін анықтайды және лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және дербес жауапты болады.

20. Ресурстық орталықтың басшылық лауазымдарына педагогикалық, психологиялық, экономикалық, гуманитарлық, заңгерлік, техникалық білімі және жастармен жұмыс тәжірибесі бар адамдар жіберіледі.

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің
2026 жылғы "22" сәуірдегі
№ 61 қаулысына 2-қосымша

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларына енгізілетін өзгерістер

1. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 273 қаулысымен бекітілген "Шыңғырлау ауданы әкімдігі аудандық ішкі саясат бөлімінің "Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі жойылсын;

2. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 6 "Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 273 "Шыңғырлау ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы"

коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысы жойылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК